

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ТОЛЕРАНТТЫҒЫНЫҢ ДІНИ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ ҚЫРЛАРЫ

¹Б. М. Сатершинов, ²А. Әділбаев

АНДАТПА

Адамзат тарихына көз жүгіртсек, ұлттар мен ұлыстар, діндер мен конфессиялар, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы қарым-қатынастардың көбіне өзара келісім ұстынынан гөрі соғыс қағидасына сүйенгенін байқаймыз. Көне заман мен орта ғасырлардағы Батыс пен Шығыс әлемдеріндегі дінаралық және ұлтаралық соғыстар, қысқа мерзімді және жүз жылға созылған соғыстар, айқыш жорықтары мен Варфоломей түндері, реформация мен инквизиция құбылыстары бейбітшілік пен толеранттылық ұстанымының тапшылығын дәлелдейді. XX ғасырдың өзінде саяси, идеологиялық, ұлттық және діни айырмашылықтарға байланысты орын алған қақтығыстар дүниежүзілік сипатта да, жергілікті сипатта да орын алды. Діни экстремизм мен терроризм құбылыстары пайда болды. Сондықтан мемлекеттер арасындағы шекараны жоятын және интеграция үрдісімен сипатталатын бүгінгі жаһандану заманы бейбіт қатар өмір сүру, өзара түсіністік пен келісім, диалог пен толеранттылық ұғымдарын алға тартады.

Бұл мақалада діни толеранттылықтың, оның ішінде ислам толеранттығының мәні мен мағынасы айқындалады. Яғни төзімділік пен сабыр түсініктерінің этикалық түбірдегі әлемдік діндердің және ислам дінінің өзегінде бар екені анықталады. Сәйкесінше, толеранттылық термині соңғы уақыттарда кең қолданысқа ие болғанымен, оның ұғымы контекстуалды және тарихи тұрғыдан әуел бастан діни болмыста болғандығы тұжырымдалады. Негізгі концептуалдық ұғымдар Қазақстандағы дін мен этномәдениеттің тарихы және теориясы ауқымында дәйектеледі.

Түйін сөздер: диалог, дін, иман, ислам, терроризм, толеранттылық, этномәдениет.

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

² Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Әділбаев А.,
adilalau72@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:

Сатершинов Б.М.,
Әділбаев А. Қазақстандағы
ислам толеранттығының діни
және этномәдени қырлары //
Адам әлемі. – 2025.
– №2 (103). – Б. 140-146.

Религиозные и этнокультурные аспекты исламской толерантности в Казахстане

Аннотация. Если мы посмотрим на историю человечества, то увидим, что отношения между нациями и этносами, религиями и конфессиями, культурами и цивилизациями зачастую строились на принципе войны, а не на принципе взаимопонимания. Межрелигиозные и межэтнические войны, кратковременные и вековые войны, крестовые походы и варфоломеевские ночи, реформация и инквизиция на Западе и Востоке в эпоху античности и средневековья свидетельствуют об отсутствии позиции мира и толерантности.

Даже в XX веке конфликты, вызванные политическими, идеологическими, национальными и религиозными разногласиями, происходили как на глобальном, так и на локальном уровне. Возникли религиозный экстремизм и терроризм. Поэтому современная эпоха глобализации, характеризующаяся процессом интеграции и ликвидации границ между государствами, пропагандирует концепции мирного сосуществования, взаимопонимания и согласия, диалога и толерантности.

В данной статье исследуется значимость религиозной толерантности, в том числе исламской толерантности. То есть установлено, что понятия толерантности и терпения лежат в основе этических корней мировых религий и исламской религии. Соответственно, хотя термин «толерантность» получил широкое распространение в последнее время, утверждается, что его концепция с самого начала имела религиозную природу, как в контекстуальном, так и в историческом плане. Основные концептуальные положения в данной статье излагаются на примере истории и теории религии и этнокультуры Казахстана.

Ключевые слова: вера, диалог, ислам, религия, терроризм, толерантность, этнокультура.

Religious and Ethnocultural Aspects of Islamic Tolerance in Kazakhstan

Abstract. If we look at the history of mankind, we will see that relations between nations and ethnic groups, religions and confessions, cultures and civilizations were often built on the principle of war, and not on the principle of mutual understanding. Interreligious and interethnic wars, short-term and century-long wars, crusades and St. Bartholomew's Nights, the Reformation and the Inquisition in the West and East in the era of antiquity and the Middle Ages testify to the absence of a position of peace and tolerance.

Even in the 20th century, conflicts caused by political, ideological, national and religious differences occurred both at the global and local levels. Religious extremism and terrorism arose. Therefore, the modern era of globalization, characterized by the process of integration and the elimination of borders between states, promotes the concepts of peaceful coexistence, mutual understanding and consent, dialogue and tolerance.

This article examines the significance of religious tolerance, including Islamic tolerance. That is, it is established that the concepts of tolerance and patience underlie the ethical roots of world religions and the Islamic religion.

Accordingly, although the term «tolerance» has become widespread in recent years, it is argued that its concept from the very beginning had a religious nature, both in contextual and historical terms. The main conceptual provisions in this article are presented using the example of the history and theory of religion and ethnoculture of Kazakhstan.

Key words: Faith, Dialogue, Islam, Religion, Terrorism, Tolerance, Ethnoculture.

Kіріспе

Ғылыми жаңашылдығы мен өзектілігі. Соңғы жүзжылдықтағы билік пен басқарудағы демократиялық үдерістер, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптастыру, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының алдыңғы орынға шығуы, мультимәдениет пен плюрализмнің орнығуы «толеранттылық» терминін де ауызекі лексиконға түпкілікті енгізді. Батыстық түбірге ие «толеранттылық» (tolerance) сөзі өзінің түп-төркінін латынның «tolerantia» – төзу, шыдау, көну деген мағынасынан алады. Алайда толеранттылықтың бүгінгі түсінігі өзінің бастапқы мағынасынан анағұрлым ауқымды екені белгілі. Толеранс түсінігін қазақ тіліндегі бірнеше сөздер мен сөз тіркестері де кеңейте түседі, мысалы, кең пейілділік, хош көрушілік, сабыр, тағаттылық және т.б.

Дегенмен, толеранттылық ұғымының мәні мен мағынасын бүгінгі заман мен қоғамның сұранысына сай ашып беретін әмбебап анықтамаларды әдетте сөздіктерден табамыз. Мысалы, Мәскеу қаласында басылып шыққан Философиялық энциклопедияда оның мынадай анықтамасы беріледі: «Толеранттылық – әртүрлі көзқарастарға, моральдық ұстандар мен құндылықтарға деген төзімділік. Толеранттылық әрқилы халықтар, ұлттар мен діндердің өзгешеліктеріне қатысты табиғи құбылыс. Ол өзіне деген сенімділік пен өз ұстанымдарының қолайлылығын, өзгелерге жағымсыз әсері жоқтығын сезіне білу, басқа көзқарастармен салыстырудан және рухани бәсекелестіктен бас тартпайтын, оған қоса, әртүрлі бағыттардың болатынын құптайтын ұстаным» [1].

Ал діни толеранттылыққа келер болсақ, ол діни сенім еркіндігі мен ар-ождан бостандығына барып тіреледі, бұл құқықты дінге сенуші немесе сенбеуші азаматтар мойындап қана қоймай, оны құрметтеуін, сонымен қатар өзге наным-сенім өкілдеріне деген түсіністік пен діни плюрализмге деген дұрыс көзқарасты білдіреді. Қазақстандық зерттеушілер діни толеранттылыққа мынадай анықтама береді: «Ол әрбір діни конфессионалды қауымдастықтың өзіне тән өзгешеліктерімен ерекшеленетін басқа бір діни конфессионалды қауымдастыққа деген толерантты қатынасы. Әрбірі өзінің діни сенімін ұстана отырып, басқалардың да өзінікі секілді құқына құрметпен қарайды» [2, 16-17 бб.]. Бұл анықтама, әрине, ислам дініндегі төзімділікке де қатысты болып келеді.

Исламдағы діннен шығу мен өзге дін өкілдеріне деген қатынас, әдетте, шарифатқа

сүйеніп қатаң жазалаумен түсіндіріледі де, нәтижесінде ол адамның сенім еркіндігі мен дін ұстану бостандығына қайшы келеді деген стереотиптің орнығуына әкеледі. Тіпті батыстық ең жоғары деген моральдық құндылықтар мен еркіндік ұстынымен сыйыспайды деген түсінікті тудырады. Бұл исламның жағымсыз бейнесі мен теріс түсінігін қалыптастырып, келісімнен бет бұрып, қақтығыстық кикілжіңге итермелейді.

Мәжбүрлікпен келген сенімнің Жаратушы алдында ешқандай да құндылығы мен шынайылығы болмайтыны түсінікті. Шынайылығы мен тақуалығы болмаса ол сенімде қайдан құндылық болсын. Осы аталмыш мақаланы жазудағы мақсат пен міндеттер жалпылай алғанда ислам дініндегі және жекелей алғанда қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен этномәдениетіндегі толеранттылықтың онтологиялық, феноменологиялық және аксиологиялық болмысын айқындау болып табылады. Осы арқылы жоғарыдағы жолдарда аталған негізі жоқ стереотиптерді теріске шығаруға болады.

Бұл мақсат пен міндеттерді ғылыми тұрғыда орындау үшін оның зерттеу әдіснамасын айқындап алуымыз керек болады. Ислам толеранттығына байланысты категориалды ұғымдарды біз діннің қайнаркөздерінен іздестіреміз. Сол себепті қасиетті Құран мен пайғамбар Сүннетіндегі кейбір түсініктерге герменевтикалық талдау жасау қажет болады. Мұның өзінде де контекстуалды және тарихи-салыстырмалы әдістерге жүгінеміз. Сондай-ақ толеранттылық түсінігінің қазақ мәдениетіндегі және дін тақырыбындағы авторлық шығармашылықты талдау барысында тарихилық пен логикалықтың бірлігі тәсілін пайдалану ұтымды болады.

Негізгі бөлім

Құран мен Сүннеттегі сенім еркіндігі және толеранттылық. Бейбітшілік пен татулықты, амандық пен ізгілікті негізге алатын әлемдік ислам дінінде толеранттылықтың әрі теориялық әрі тәжірибелік негіздері көптеп кездеседі. Ислам діні ар-ождан бастандығын таныған және кепілдікке алған. Адамдар арасындағы сыйластық пен түсіністік, көпмәдениеттілік пен кеңпейілділікке жол ашатын, сүйспеншілікке негізделетін, моральдық жоғары құндылық саналатын толеранттылық – ислам дінінің негізгі ұстанымдарының бірі. Құранда соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.с.) қаратыла айтылған: «Біз сені күллі ғаламға тек рақым ретінде жібердік» («Әнбия» сүресі, 107) деген аят ислам дінінің түпкі мақсатын айқындап

көрсетеді. Мұхаммед пайғамбар да өз өсеттерінде: «Жердегілерге рақымдылық жасаңдар. Сонда көктегілер де сендерге рақымдылық жасайды» (Термези, Бирр, 16; Әбу Дауд, Әдәб, 58), «Адамдарға мейірімділік танытпағандарға Алла да мейірімділік көрсетпейді» (Бухари, Тәухид 2; Муслим, Фәдәиль 66, (2319)) немесе «Мейірімді, жұмсақ жүректі болмайынша иман еткен боп саналмайсыңдар» (Термези, Бирр 16, (1924); Әбу Дауд, Әдәб 66, 4942 деп, мұсылмандарды мейірімділік пен жұмсақмінезділікке шақырған. Өз кезегінде ислам дінінің осынау бұлжымас қағидалары – қоғам тұрақтылығы мен баяндылығының негізгі кепілі.

Құранда жалпы адам баласы ең ардақты жаратылыс ретінде сипатталып, олардың тілдерінің, түстерінің, әдет-ғұрыптарының түрлілігі жаратқанның құдыреттілігінің белгісі ретінде баяндалады. Бұл түрлілік әрине діни алуандылықты да қамтиды. Құран «Алланың құлы» деген санатқа адамдарды сенуші-сенбеуші деп алаламай бәрін тегіс қосқан (Ағраф сүресі, 194, Инсан сүресі, 6). Күллі ғаламның иесі ретінде сипатталуы тек, мұсылмандардың жаратушысы емес екендігін көрсетеді. Жалпы адам баласына адам ретінде құрмет көрсету ой еркіндігімен қатар діни сенім еркіндігін де таниды.

Адамзат жаралғалы бері дін адамдар өмірінде жоғары құндылыққа ие. Сондықтан дін және ар-ождан бостандығы адамның ең негізгі құқықтарының бірі саналады. Ислам дінінде өзге діндер мен сенімдерге төзімділік танытуға басты назар аударылады. Исламда дінді зорлықпен қабылдатуға жол берілмейді. Құранда бұл бұлжымас қағида «Дінде мәжбүрлеуге орын жоқ» («Бақара» сүресі, 256) деп нақты шегеленген. Себебі иманның құндылығы адамның өз еркі мен қалауына қарай айқындалады. Ақыреттегі жауапкершілігі де қалау еркі мен бостандығы негізінде қарастырылады. Адам табиғаты мәжбүрлеуді қабылдамайды. Дін шынайылық пен адалдықты талап етеді. Дінді еріксіз қабылдану екіжүзділікке алып барады. Екіжүзділік кең тараған қоғамда сенім мен тұрақтылық болмайды. Сондықтан иман тұрғысынан оның ешқандай қадірі жоқ.

Дін, иман мәселесі адамның өз еркі мен қалауына сүйенеді. Дін және ар-ождан бостандығы – қазіргі мәдениет пен демократияның ең негізгі ерекшелігі әрі адам құқықтарының басты талабы. Өз кезегінде адамның іс-әрекеттерінің құлшылық сипатқа иеленуі мәжбүрлеу арқылы емес, көңіл қалауына, шынайылыққа тәуелді.

Сенім еркіндігі – адамға жаратушы тарапынан берілген ең негізгі құқық әрі адам баласын өзге жаратылыстардан ерекшелейтін ең негізгі ерекшеліктердің бірі. Ислам діні адамның арнамысын, абыройын сақтап, қорғауына алған. Ар-ождан бостандығы – жаратқан мен адам

арасындағы қатынастың іргетасы. Сондықтан Алла Тағала адам баласын сену мәселесінде ерікті еткен.

Құранда адамдар арасындағы түрлі сенімдердің болуы арнайы Алла тағаланың қалауы ретінде қарастырылған. Мысалы, Худ сүресінде: «Егер Жаратқан Иең қалаған болса, адамдардың барлығы бір үмбет (бірдей сенімде) болар еді. Бірақ олар үнемі әртүрлі жолды ұстануда» (Худ сүресі, 118) десе тағы бір аятта бұл шындықты «Егер Жаратқан Иең қаласа, жер бетіндегі адамдардың барлығы тегіс иман келтірер еді» (Юнус сүресі, 99) деп баяндалған. Мына аятта: «Оларға: «Ақиқат – Раббыларыңнан келген (осынау Құран). Ал енді қалаған жан иман келтірсің, қалағаны – күпірлік қылсын», – деп, айт» (Кәһф сүресі, 18/29) деу арқылы иман мәселесінің адамның қалау-еркімен жүзеге асатындығын көрсетуде.

Құранда: «(Уа, Мұхаммед) Біз сені оларға өкіл ретінде жібермедік», – делінген (Исра сүресі, 54). Әйгілі тәпсірші Байдауи осы аятты: «Біз құдайға сенбейтіндерді иманға күштеу ісін саған тапсырмадық», – деп түсіндіру арқылы пайғамбардың да иманға күштеуге құзыретті еместігін білдірген [3].

Мына аятта: «Егер мүшріктердің бірі сенен пана тілесе, оны қанатыңның астына ал. Сонда ол үшін Алланың сөзін есту мүмкіндігі туады (бәлкім, иман келтірер). Содан кейін оны баратын һәм өзін қауіпсіздікте сезінетін жеріне дейін аман-есен жеткізіп таста. Өйткені, олар – расында да иманның, хақ діннің не екенін білмейтін ақиқаттан бейхабар қауым» (Тәубе сүресі, 6) деу арқылы мұсылмандарға қарата пұтқа табынушы адамдар пана тілесе, қамқорлық таныту қажеттігін, тіпті онымен ғана шектелмей жол тартып бара жатса, қауіп төндірмейтін, сеінімді жерге дейін жеткізіп тастау қажеттігі айтылууда.

Құранда басқа дін өкілдеріне әділдік танытуға ешқандай қарсылық жоқ екені: «Алла тағала дін жайында сендермен соғыспаған және отандарыңнан қуып шығармағандарға жақсылық жасауға, әділ болуға тыйым салмайды. Өйткені Алла тағала әділеттілік жасағандарды жақсы көреді» (Мумтахина» сүресі, 8) деп, анық айтылған. Өз кезегінде осы мазмұндас аяттар сенім еркіндігінің тысында тәрбие тұрғысынан түсіністік пен кең пейілділіктің бастауы саналады.

Құранның ұсынған құндылықтарын іс-жүзінде жүзеге асыру міндеті жүктелген Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистері мен өмірінде осы ұстаным мен принциптер нақты көрініс тапқан. Ол басқа дін өкілдеріне тізесін батырмай, әділетті болу керектігін үмбетіне ерекше ескертіп, бір хадисінде «Кімде кім бір зиммиға (мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілдері) қиыншылық көрсететін болса, мен ол адамның дұшпанымын. Ал мен кімнің дұшпаны болсам, онымен ақырет күні жеке есептесемін» дейді. Басқа бір хадисте: «Кімде-кім біздің

қарамағымыздағы зиммиді өлтірсе, жәннаттың исін де сезбейді» (Бухари. Исмү ман қатала зиммиан би ғайри жарм, 6914) деп мұсылмандарға зұлымдық жасауға қатаң тыйым салған.

Мәдиналық кезеңдегі бейбіт қатар өмір сүру мен толеранттылық тәжірибелері. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) Мәдина қаласына қоныс аударып, ислам мемлекетінің негізін қалады. 622 жылы мұсылмандар мен өзге сенім өкілдері арасында жасалған, «тарихтағы ең алғашқы жазбаша конституция» деп аталған «Мәдина құжатында» [4] дін еркіндігіне ерекше мән берілген-ді.

Алла елшісі кезеңінде Мәдинада иудейлерге тән «Бәйт әл-мидрас» деп аталатын білім ошағы бар еді. Адамзаттың асылы (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) олардың осы білім ошағында тәлім алуына кедергі жасамаған. Мәдина қаласына келген, бірақ ислам дінін қабылдамаған нәжрандық христиандармен келісім жасаған кезде жандары, дүние-мүліктерін қоғауға алуға, дін қызметкерлерінің қызметтеріне ешқандай шектеу қойылмайтындығына кепілдік беретінін арнайы атап көрсеткен. Оларға тіпті пайғамбар мешітінде құлшылықтарына өтеуге рұқсат берген [5].

Алла елшісі кітап иелері және мүшірік арабтармен қарым қатынаста Құран белгілеген өлшемдерден қылдай ауытқымаған. Тіпті соғыс жағдайының өзінде мұсылман еместердің діни сенімдеріне құрметпен қарап, құлшылықтарын өтеулеріне еркіндік берген, Мәдина иудейлері ұстап жүрген ашура оразаны ұстаған, бірнеше ай бойы Құдысқа қарап намаз оқыған, қай жағдайда да әділдік сақтауды бұйырған, соғыс жағдайының өзінде қолына қару алып, соғысқа қатыспаған әйелдер мен балаларды, дін қызметкерлерін өлтіруге тыйым салған.

Мәдиналық арабтар арасында ислам діні келгенге дейін өз балаларын иудейлерге беретін әдеттері бар еді. Балалардың кейбірі солардың дінін қабылдайтын. Ислам діні келген соң балалары иудей дінін қабылдап кеткен арабтар балаларын ислам дініне мәжбүрлеп өткізгісі келген кезде «дінде мәжбүрлеуге орын жоқ» деген аят түскен екен [6].

Құранда Алла Тағалаға серік қосу қаншалықты үлкен қиянат және күнә саналғанымен ата-анаға жақсылық жасау мәселесінде оларды иманды-имансыз, мүшірік деп бөлмей жалпы атап, оларға да жақсылық жасау қажет-тігін баяндауы исламда діни төзімділік пен толеранттылықтың негіздерінің бірі саналады [7].

Мұхаммед пайғамбар мына дүниенен қошайтсар алдында айтқан «Қоштасу құтпасында»: «Уа, адамдар! Жаратушы иелерің бір. Аталарың (Адам) да бір. Барлығың – Адам атаның ұрпақтарысыңдар, ал Адам ата топырақтан жаралған. Арабтың араб еместен, араб еместің арабан ешқандай артықшылығы жоқ. Дәл сол секілді ақтың қарадан, қараның ақтан ешқандай артықшылығы жоқ» деп дін,

тіл, ұлт, түр-түс тұрғысынан бір-бірін артық санаудың ислам дініне қайшы екенін арнайы атап кеткен.

Бұл үрдіс пайғамбар кезеңінен кейін де солай жалғасқан. Дін мен құлшылық еркіндігі мәселесінде мұсылман факихтар Құран мәтіндерін, Пайғамбардың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) сүннетін және сахабалардың тәжірибесін негізге ала отырып «Олардың (өзге дін өкілдері) дін деп ұстанғандарына әрі жеке бас жағдайларына араласпау бізге міндеттелді», [8] – деген өміршең қағиданы бекіткен [9].

Ислам құқығында өзге дін өкілдерімен жақсы қарым қатынас жасау қажеттігіне де ерекше мән берілген. Соның ішінде өзге дін өкілдеріне қатысты көрші ақысы кіреді. Ауырып қалса көңілдерін сұрау, баласы дүниеге келсе қуанышына ортақтасу, дүние салса, көңіл айту, алыстан қонағы келсе, амандасу секілді құқылар [10]. Құранда кітап иелерінің тағамдарын жеп, қыздарына үйленуге рұқсат берілген. Үйлену тек ер-мен әйелдің бас қосуы ғана емес, туысқандық құқыларды да тудырады.

Тек қана діни сенім саласында емес, ислам мемлекеттерінде өзге дін өкілдерінің жандары, мал-мүліктері қорғауға алынған. Экономикалық, құқықтық салаларда да оларға көп жағдайда мұсылмандармен бірдей құқықтар берілген.

Көптеген елдер өз патшаларының, тіпті, өз діндестерінің зұлымдығынан құтылу үшін мұсылмандардан пана тілеп, мемлекетті басқару билігін өз еріктерімен мұсылмандардың қолына берген. Испанияның мұсылман болуы мен Балқан түбегіндегі мемлекеттердің ислам дінін қабылдауы секілді тарихи жағдайлар бұған куә [11].

Ислам діні адамдарға осындай сенім бостандығын танығандықтан басқа дін өкілдерін қырып жою, кемсіту, геноцид секілді қанқұйлы оқиғаларға жол берілмеген. Қанша ғасыр бойы мұсылман мемлекетінің құрамында болса да, көптеген араб елдерінде христиандар әлі күнге дейін сау-саламат ғұмыр кешуде. Мұсылмандар олардың діндеріне, құлшылық орындарына, тарихи жәдігерлеріне мүлдем тиіспей, мешіттерді қалай сақтаса, солай сақтап қалған.

Ислам дінінің Орталық Азияға енуі және қазақ мәдениетіндегі толеранттылық. Ислам дінінің Орталық Азия мен еуразиялық Қазақ даласын мекендеген халықтардың санасы мен болмысында онтологиялық тұрғыдан орын алуы әдетте, 751 жылы қазіргі Тараз қаласына жақын Талас өзенінің бойындағы қарақытайлар мен араб әскерлерінің арасындағы шайқаспен байланыстырылады. Мұсылман әскерлері жеңіске жеткен бұл уақиғаның саяси және тарихи маңызы зор болды, өйткені бұл ислам дінімен қатар, оның мәдениетінің де кедергісіз таралуына жол ашты. Десек те, жергілікті халық арасындағы

аңыз әпсаналарда ислам діні сайын сахараға сахабалардың заманында-ақ келіп жеткен.

Өздерінің діні санасымен дүниетанымында, тұрмыс салты мен мәдениетінде бұрыннан монотеистік сипаты бар тәңіршілдікті ұстанған түркі халықтары жоғары деңгейдегі ислам дінін мәжбүрсіз қабылдап, өздері араб және парсы халықтарымен қатар, Мәуэранның немесе Түркістан деп аталған аймақта мұсылман ғылымы мен мәдениетінің ірі орталығын қалыптастырды. Бұл топырақтан аса көрнекті ислам ғұламалары мен діни ойшылдар шықты. Қазақстандық танымал ғалым Әшірбек Мүминов жетекшісі С.М. Прозоровтың нұсқауымен он алтыншы ғасырда өмір сүрген османлылық Махмұд ибн Сүлейман әл-Кафәудидің қолжазбаларын зерттеп, орталықазиялық 248 үлемнің өмірбаяндарын анықтап береді [12, с. 277-333.]. Бұлардың барлығы сүннеттік исламның ханафилік мәзһабының өкілдері болды. Хижаз аймағында басым болған «әһлі әл-хадис» мектебімен салыстырғанда «әһлі рай» (ақыл мектебі) аталып кеткен ханафилік Қарахан дәуірі тұсында Орталық Азия мен Хорасанға жоғарыдағы тізімде аты мәшһүр факихтердің әрекеті арқылы барынша кең тараған. Имам Ағзам шәкірттері жергілікті мемлекеттерде қадилық қызметті абыроймен атқарды.

«Ислам діні орнықаннан бастап, Қарахан, Ғазнауи, Селжұқ, Хорезмшах, Алтын Орда сияқты мемлекеттерде ресми дін болып жарияланды... Қазақ халқының рухани жан дүниесінде, тұрмыс-салтында, әдет-ғұрыптарында хадис пен сүннеттің жарқын көрінісінің тұнып тұрғанын, олардың бір-бірімен үндесіп, әдемі үйлесім тапқандығын, дана халқымыздың пәк көңілі мен таза жүрегінен шыққан шығармалары мен ата-бабаларымыздан жеткен жәдігерлердің бір шетін ғана парақтағанның өзінде мол қазынаға жолығып, көзіміз жете түсті. Олай болса, бұл саф алтындай қымбат қазынаның хадис пен сүндеттен туындап, мұсылман халқымыздың ар-ожданы мен иманы үшін рухани азық болғанын және бола беретінін айтуымыз абзал» [13, 268-269 бб.].

Ислам дінінің таралу тарихында «хариджиттер» мен «ассасиндер» тәрізді төзімсіз секталардың болғандығы рас. Соңғы жүзжылдықтағы модерн кезеңіндегі интеллектуалдық және рухани дағдарыс барысында мұсылман қауымдастықтарында діни төзімсіздікке негізделген «терроршылдық» құбылысы пайда болды. Бұл терроризм шын мәнінде діни санадан ауытқушылықты білдіреді, ешқандай діни парадигманың туындысы емес, керісінше, исламофобияның қоздырылуынан діннің атын жамылып саяси, психологиялық және қылмыстық мүдделерден туындайтын салдар екені даусыз. Өйткені, ислам дінінде «өзге діндегілерді кері итермей, бері тартатын», «жағымды әрекет ету әдісі»

және «мұсылмандық әс-әсте» дейтін сабырлық танытып, соңын байсалдықпен күтетін сатылық ұстындар бар. Сонымен қатар, ислам дінінен тысқары «параллельді ақиқаттар» бар екені мойындалып, тіпті Сүннеттік исламның өз ішінде төрт заңды мәзһабтың болуы пікірлер плюрализміне жол ашады.

Бұл төрт мәзһабтың ішіндегі ханафиликтің әдіснамалық және эпистемологиялық негіздері әл-Матуридидің іліміне сүйенсе, қалған үшеуі әл-Әшғаридің мектебінен тірек тапты. Матуридилік зияткерлік мектебінің басты ерекшелігі, біздің пікірімізше, оның Құдайдың даналығы – «хикма» сипатына негізделген теологиялық жүйесіндегі мынадай екі қағидасы рационалистік эпистемаға сүйенеді де, инклюзивті түсіндірме жасауға мүмкіндік береді: бірінші қағида – ақылдың уахидан тәуелсіз түрде жақсылық пен жамандықты айыра алатынына деген сенім және екіншісі – Құдай ақыл-ойдың зұлымдық немесе күнә деп санайтын нәрсесін жасауға бұйрық бермейді [14]. Имам Матуридидің бұл этикалық рационализмінен мүмін болса да мұсылман емес адамның мәңгілік жазаға ұшырайтыны туралы сенім адамның ақылына да, Жаратушының шексіз мейірімділігіне де қайшы болып шығады. Демек, сенім мен ақылды бір-біріне қарсы қоймайтын ханафилік-матуридилік ұстаным діни толеранттылықты теріске шығармайды деген ой туындайды.

Қазақ халқының этномәдениеті мен авторлық шығармашылық мұрасы он екі ғасырдан бері осы ханафилік-матуридилік бағыттағы сүннеттік ислам мен соның аясындағы йассауилік сопылық бағыт арнасында дамып келді. «Сабыр түбі сары алтын» деп төзімділік танытып, тәубеге келіп, қанағатшыл болып, келешектен үміті мен сенімінен айрылмаған қазақтардың діни санасы мен тұрмыс-тіршілігінен діни төзімділіктің үлгісін көптеп кездестіреміз. Бұл ұстанымның салт-санаға сіңуіне бұрыңғы Қожа Ахмет Йассауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр сияқты дала ойшылдары үлкен үлес қосса, кейінгі Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп Көпей мен Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы және т.б. ілімдерінде толеранттылық қаймағы бұзылмаған сабақтастығын сақтаған күйінде жетті.

Қорытынды

Биыл 180 жылдығы аталып отырған қазақтың данышпаны Абай Құнанбайұлының діни көзқарасы ұлттық руханияттағы ислам толеранттығының үлгісін көрсетіп бере алады. Соны қысқаша сипаттау арқылы мақаланы қорытып түйіндесек болады. Дана Абай қазақтың адамы мен қоғамын, оның санасы мен амалын, жақсысы мен жаманын іштей білді, уытты тілмен сынады және біліп, айтып,

сынап қана қоймай, адам болудың, «толық адам» болудың жолын ұсынды. Абайдың дүниеге көзқарасы барынша кең әрі кемел. Атаңның баласы болмай, «адамның баласы бол» дей отырып, әлемге, адамға және қоғамға деген сүйіспеншілік қатынасты насихаттайды, яғни Жаратушыны, Адамзатты және Әділетті сүй дейді.

Абай Жаратушыдан қорық демеді, имани тұрғыдан сүй деді, өйткені ол сені махаббатпен жаратты, «адамзаттың барлығын бауырым деп сүй» деген инклюзивті қатынасты ұсынды, ал үшінші сүю – әділет адамның табиғатпен қатар, ең алдымен, қоғаммен қарым-қатынасындағы үйлесімділікті білдіреді. Сүюдің өзі мейірімділікті, рахымдылықты, қайырымдылықты және махаббатты білдіреді. Бұл жүректен шығатын ниет, көңіл, пейіл немесе импульс, әдетте ол кейін ойда қорытылады да, ақырында сөзбен пікірге айналады немесе амалмен іске асады. Абай толық адам болу үшін үш нәрсе – «жылы жүрек», «нұрлы ақыл» және «ыстық қайрат» керек дейді. Бұл қасиеттер пайғамбарларда, әулиелерде, хакімдерде және кәміл мұсылмандарда болатынын айта келе, Абай осылардың арасында хакімдерің тек ахыреттік пайданы емес, осы дүниедегі тигізетін пайдасын атап көрсетеді. Яғни бұл «толық адамның» артықшылығын ғылым мен қоғамға оң ықпалын тигізетін «пайдалы адаммен» сипаттайды.

Абай нұрлы ақылды Жаратушының сегіз сипатының ішіндегі ең бастыларының бірі ғылыммен байланыстырады. Жаратушы мен оның жаратқан он сегіз мың ғаламын тану осы ғылыми ынтықтықпен немесе құштарлықпен болады.

Қазіргі кездегі қазақ қоғамын, әсірелеп айтқанда, надандықтың қараңғылығында деп бейнелесек, оған жарық түсіріп жөн сілтейтін Темірқазық жұлдызы – Абай ілімі десек артық айтқандық емес. Абай діни дүмшелік пен фанатизмді сынады, ол консервативті, буквалистік, схоластикалық исламды жақтамады, ол сенімді жүрегімен қатар ақылмен қабылдайтын прогрессивті, ағартушы, қарпімен қатар рухы бар исламды ұстанды әрі насихаттады. Түптеп келгенде, діни төзімсіздік қазақ халқының қаны мен жанында жоқ, оның этномәдениетіне жат құбылыс деп қорытуға болады.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (AP19679139 «Қазақстандағы ислам толеранттылығының архитекtonикасы: конфессияаралық диалог пен коммуникация тәжірибесі»

Әдебиеттер тізімі

- 1 Краткая философская энциклопедия. – М.: Прогресс-Энциклопедия, 1994. – 576 с.
- 2 Бағашаров Қ.С. Діни толеранттылық пен

конфессияаралық келісім мәселесі: ғылыми монография. – Алматы. – 2024. – 248 б.

3 Байдауи Насыруддин Әбу Саид. Әнуар әт-тәнзил уә әсрәр әт-тәуил. – Стамбул: «Дәр әс-саада», 1985. – 1-том, – 574 б.

4 Хамидулла М. Ислам пейгамбери. – Стамбул: Ирфан баспасы, 1996. – 1-том, – 206 б.

5 Хамидулла М. Ислама гириш. – Стамбул: Бейан баспасы, 2003. – 235 б.

6 Ибн Кәсир. Тәфсир әл-Қуран әл-Азим. – Стамбул, 1992. – 1-том, – 459 б.

7 Жассас А. Ахкм әл-Қуран. – Бейрут: Дәр әл-кутуб әл-илмия, 1985. – 5-том. – 219 б.

8 Әбу Захра М. Исламда бешери мунәсебетлер. – Стамбул: Шамил басп. (жылы көрсетілмеген). – 53 б.

9 Тағанұлы Н. Ислам дағуатының негіздері мен әдістері. – Алматы: Нұр-Мүбәрәк баспасы, 2023. – 125-133 бб.

10 Ибн Қайим әл-Жәузия. Ахкам әһл әз-зиммә. (Тахқ: Субхи Салих) – Дамаск, 1961. – 200 б.

11 Гаруди Р. Исламын вадеттиклері. – Стамбул, 1983.

12 Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. – Алматы: ҚМДБ, 2018. – 400 с.

13 Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. Алматы: «ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. – 280 с.

14 Zhussipbek G., Satershinov B. Search for the Theological Grounds to Develop Inclusive Islamic Interpretations: Some Insights from Rationalistic Islamic Maturidite Theology // Religions. – 2019. – 10. – 609.

Transliteration

1 Kratkaja filosofskaja jenciklopedija [Concise Philosophical Encyclopedia]. – М.: Progress-Jenciklopedija, 1994. – 576 s. (in Russ)

2 Barasharov Қ.С. Dini toleranttylyq pen konfessijaaralyk kelisim maselesi: ғылыми monografija [Religious tolerance and inter-confessional research: scientific monograph]. – Алматы. – 2024. – 248 b. (in Kaz)

3 Bajdaui Nasyruddin Әbu Said. Әnuar әt-tәнzil uә әsrәр әt-tәuil. – Sтамбул: «Dәр әs-sааdа», 1985. – 1-том, – 574 b.

4 Hamidulla M. Islam pejgamberi. – Sтамбул: Irfan baspasy, 1996. – 1-том, – 206 b.

5 Hamidulla M. Islama girish. – Sтамбул: Bejan baspasy, 2003. – 235 b.

6 Ibn Kәsir. Tәfsir әl-Quran әl-Azim. – Sтамбул, 1992. – 1-том, – 459 b.

7 Zhassas A. Ahkm әl-Quran. – Bejrut: Dәр әl-kutub әl-ilmija, 1985. – 5-том. – 219 b.

8 Әbu Zahra M. Islama besheri munasebetler. – Sтамбул: Shamil basp. (zhyly көrsetilmeген). – 53 b.

9 Тағанұлы N. Islam daғuatynyң negizderi men әdisteri [The teachers of Islamic preaching]. – Алматы: Nұr-Mүbәрәk baspasy, 2023. – 125-133 bb.

10 Ibn Қайim әl-Zhәuzija. Ahkam әhl әz-zimmә. (Таһқ: Subhi Saliḥ) – Damask, 1961. – 200 b.

11 Garudi R. Islamyn vadettiklery. – Sтамбул, 1983.

12 Muminov A.K. Hanafitskij mazhab v istorii Central'noj Azii [The Hanafit Mazhab in the History of Central Asia]. – Алматы: ҚМДБ, 2018. – 400 с. (in Russ)

13 Әділбаева Sh. Hadis – ғұrпымыз, сүннет – saltymyz [The hadith is our guilt, the Sunnah is ours]. – Алматы, «Islam мәdeniety men bilimyn қoldau қory», 2011. – 280 с. (in Russ)

14 Zhussipbek G., Satershinov B. Search for the Theological Grounds to Develop Inclusive Islamic Interpretations: Some Insights from Rationalistic Islamic Maturidite Theology // Religions. – 2019. – 10. – 609.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Бақытжан Меңдібекұлы Сатершинов* бас ғылыми қызметкер, профессор, философия ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5094-9682
- Алау Әділбаев* PhD, қауымдастырылған профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: adilalau72@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3211-0007
- Бакытжан Менлибекович Сатершинов* главный научный сотрудник, профессор, доктор философских наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5094-9682
- Алау Адильбаев* ассоциированный профессор, PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: adilalau72@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3211-0007
- Bakhytzhane Satershinov* Chief Researcher, Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5094-9682
- Alau Adilbayev* associate professor, PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: adilalau72@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-3211-0007

